



## Құрметті студент!

2018 жылы «Гуманитарлық ғылымдар - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B020100	«Философия»	1. Ежелгі дүние философиясының тарихы 2. Қазақ философиясының тарихы 3. Әлеуметтік философия 4. Әлеуметтік антропология

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:

1. Ежелгі дүние философиясының тарихы
2. Қазақ философиясының тарихы
3. Әлеуметтік философия
4. Әлеуметтік антропология

2. Тестілеу уақыты – 180 минут.

Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.

3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.

4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.

5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;  
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;  
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға  
**қатаң тиым салынады!**

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

**Ежелгі дүние философиясының тарихы**

1. «Варна» сөзінің санскриттен аударғандағы мағынасы:

- A) жол
- B) түр-түс
- C) кезең
- D) жамылғы
- E) шет
- F) қабық

2. Веданың түрлері:

- A) Яджурведа
- B) Самаведа
- C) Карма
- D) Атман
- E) Ригведа
- F) Гурведа
- G) Ариведа

3. Санкхья философиясы бойынша қозғалыс, кеңістік пен уақыт түсініктің қасиеттері болып саналады:

- A) оттың
- B) тәуелсіз бастаудың
- C) құдайдың
- D) материяның
- E) адам санасының
- F) аспанның
- G) төрт элементтің

4. Тақуалар жазып қалдырған тақуаларға арналған Ведалардың бөлімі:

- A) Брахмандар
- B) Брахмандарға түсіндірме
- C) «Орман мәтіндеріне» қатысты
- D) Упанишадалар
- E) Араньяктар

5. Брахмандардың жазылып арналуы:

- A) Самхиттерге түсіндірме жасау үшін
- B) Халық үшін
- C) Жас ұрпақ үшін
- D) Көсемдер үшін
- E) Құдайларға жағу үшін
- F) Адам табиғатын жақсарту үшін

6. Ежелгі Шығыс философиясымен байланысты:

- A) Иония философиясы
- B) Брахманизм
- C) Логос туралы ілім
- D) Нирвана туралы ілім
- E) Упанишада
- F) Пифагоршылдар

7. Джайнизмнің маржаны:

- A) дұрыс сенім-наным
- B) дұрыс шешім
- C) дұрыс ынта
- D) шынайы білім
- E) дұрыс қылық-әрекет

8. Бес алғашқы элементтердің жалпы негізі болып табылатын «ци» материалдық бөлшегі туралы ой көрсетілген кітаптар:

- A) "Го юй"
- B) "Өзгерістер кітабы"
- C) "Дао дэ Цзин"
- D) "Ұлы бастаулар"
- E) "И цзин"

9. Қытай философиясындағы идеалистер:

- A) Хан Фэй
- B) Ван-Чун
- C) Капилла
- D) Конфуций
- E) Мэн-Цзы
- F) Лао-Цзы

10. «Брахмандар» мәтінінің негізінде қалыптасқан концепциялар:

- A) Ваджраяна
- B) Брахмачарья
- C) Тантра
- D) Трикая
- E) Хинаяна
- F) Махаяна

11. «Брахмандар» мәтіні түсіндіреді:

- A) Махабхаратаны
- B) Будданы
- C) Рамаянаны
- D) Хинаянаны
- E) Авестаны
- F) Ригведаны
- G) Самаведаны

12. «Упанишада» негізінде өңделген философиялық концепциялар:

- A) Атман
- B) Тантра
- C) Паньгу
- D) Логос
- E) Пракрити

13. Упанишада ол:

- A) Өркениетті терістейтін әдіс
- B) Қоғамдағы зұлымдықпен күресудің жолдарына үйретеді
- C) Қоғамдағы теңдікті қадағалайтын заңнама
- D) Елді басқару әдістерін білдіреді
- E) Шрути категориясындағы индуизмнің қасиетті кітабына жатады
- F) Діни-философиялық сипаттағы Ежелгі Үнді елінің трактаттары

14. Кун Фу-цзы іліміндегі адамның «туа біткен ізгілігі»:

- A) даналық
- B) әрекетсіздік
- C) адамгершілік
- D) кемел адам
- E) рәсімді сақтауға ұмтылу

15. Кун Цзы философиясындағы «Әміршінің ұлы» ие негізгі адамгершілік қасиеттер:

- A) басқаларға деген менсінбеушілік
- B) өктемшіл
- C) айбын
- D) үйлесімділік және табиғилық
- E) амбициялылық
- F) атақ-даңққа деген құштарлық
- G) адамсүйгіштік

16. Раджа-йога тұратын жаттығулар:

- A) Физикалық
- B) Жадьны дамытады
- C) Логикалық
- D) Адамгершілікті, өнегелі
- E) Музыкалық
- F) Поэтикалық
- G) Әскери

17. Ежелгі грек диалетиктері:

- A) Фалес
- B) Сократ
- C) Зенон
- D) Демокрит
- E) Гераклит
- F) Диоген

18. Көне Қытай данасы Лао цзының философиясымен байланысты:

- A) «Дао дэ цзин» кітабы
- B) Логос туралы ілім
- C) Азап туралы ілім
- D) Хинаяна
- E) Махаяна
- F) Ваджраяна

19. Аристотель «Саясат» еңбегінде қарастырды:

- A) Мемлекет генезисін
- B) Азамат мәселесін
- C) Жануарлардың генезисін
- D) Логиканы
- E) Адам жанын

20. Милет мектебінің өкілдерінің ерекшеліктері:

- A) алғашқы бастама ретінде табиғатты қарастырды
- B) натурфилософия өкілдері болды
- C) плюралистік көзқараста болды
- D) дуалистік көзқараста болды
- E) герменевтика өкілдері болды
- F) өркениет дамуына зор үлестерін қосты

21. Антикалық философия үшін тән адам туралы түсініктер:

- A) Адам – робот
- B) Адам – машина
- C) Адам – Құдайдың образы
- D) Адамның әлемдік санамен (логоспен) байланысы бар
- E) Адам - микрокосмос

22. Парменид философиясының ерекшелігі:

- A) Өзіңді өзің таны – деп тұжырымдады
- B) Болмыстың өзгермейтіндігі мен бірлік теориясын жасады
- C) Қозғалыстың жоқ екендігінің 5 дәлелін келтірді
- D) Құлап бара жатқан қала еңбегін жазды
- E) Қарама қарсылықтарды талдау өнері ретіндегі диалектиканы жасады

23. Платон даналығының ерекшелігі:

- A) Диалогтар арқылы ақиқатқа жетуге шақырды
- B) «Идея барлығының қайнар көзі, ал материя ештеңені тудыра алмайды» деп тұжырымдады
- C) Идеализмнің негізін қалаушы
- D) «Барлығы атомнан тұрады» - деп тұжырымдады
- E) Философия тарихында «Қараңғы» деген атпен қалды
- F) «Өзіңді өзің таны» атты тезисті ұсынды
- G) «Мемлекет» атты еңбегін жазып қалдырды

24. Скептицизмнің антикалық философиядағы алдыңғы қатарлы өкілдері:

- A) Протагор
- B) Плотин
- C) Секст Эмпирик
- D) Ямвлих
- E) Левкипп
- F) Энесидем
- G) Пиррон

25. Антикалық дәуірдегі неоплатонизмге тән сипат:

- A) Бірлікті, Тұтастықты абсолюттендіру
- B) Мифологиялық ойлауды философиялық тұрғыдан жаңғырту
- C) Алхимияны мойындау
- D) Нирванаға жол сілтеу
- E) Даосизмді қолдау
- F) Заттық субстанцияға басымдылық беру
- G) Тәнге қатысты барлық нәрселерге қарсы келіп, аскетизм мен экстаз туралы ілімге басымдылық беру

**Ежелгі дүние философиясының тарихы  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**



## Қазақ философиясының тарихы

1. Анахарсис Скифский жөнінде мәлімет қалдырған ойшылдар:

- A) Фалес «Бастамалар туралы»
- B) Эмпедокл «Табынғандар туралы»
- C) Элейлік Зенон «Философтарға қарсы»
- D) Платон «Протагор»
- E) Плутарх «Жеті ғұлама сауығы»
- F) Диоген Лаэртский «Атақты философтардың өмірлері, ілімдері, нақыл сөздері туралы»

2. Протоқазақтардың сенім-нанымдарындағы Ұмай-ана құдайының рөлі:

- A) балаларды қорғаушы
- B) отбасы ошағын қорғаушы
- C) бейбіт өмір
- D) махаббат
- E) жаратушы

3. «Жолы болмайтын Асан» деген өлеңнің авторы:

- A) О. Сүлейменов
- B) М. Жұмабаев
- C) М. Әуезов
- D) «Аз и Я» шығармасының авторы
- E) «Адамға табын, жер енді...» еңбегінің авторы

4. Скиф ойшылы қазасының басты себебі:

- A) билікке талас
- B) туған жерге оралуы
- C) өмір тәжірибесі
- D) сағыныш сезімі
- E) данышпандығы
- F) шешендік өнері

5. Орхон жазбаларының түпкі мақсаты:

- A) билік мәселесі
- B) жеке тұлғаға табынушылық
- C) наным-сенім түрлерін насихаттау
- D) халықтар арасындағы сұхбатты орнату
- E) елдің тәуелсіздігі, береке-бірлігі
- F) адамдар арасындағы өзара түсіністік

6. «Қайда барсаң Қорқыттың көрі» деген сөз тіркесі мәні:

- A) «көмекей әулие»
- B) оғыз-қыпшақ ұлысынан шыққан айтулы бақсы, абыз
- C) ажалдан қашу
- D) әйгілі жырау, жырлары оғыз-қыпшақ өмірін бейнелеген әдеби-тарихи мұра
- E) «айыр тілді»

7. Танымдық қатынас жағынан батырлар жырының өнердегі аңдар стиліне ұқсас болу себебі:

- A) тарихи және күнделікті өмірдегі адамдардың болуы
- B) жасалған ерліктер шектен тыс аспайды және терең астарлы
- C) оқиға астары жасырын емес
- D) өз қара басының қамын ойлаушылық
- E) өтірік қиялға құрылу
- F) тек шынайы өмірді бейнелеу

8. Бабалар дәстүрінде ерлік жөніндегі аңыздарында достасу, туыстасу көріністерінің символы:

- A) қол алысу
- B) құйрық-бауыр жеу
- C) ат қою
- D) шаш кесу
- E) өзара қаннан ішу

9. Әл-Фараби пікірінше, игіліктердің ішінде ең жоғары категория ретінде бақыттың орны:

- A) Әрекеттер
- B) Ең қадірлісі
- C) Сөз
- D) Ең үлкені
- E) Ақыл-парасат
- F) Ең жетілгені
- G) Рухани кесел
- H) Жан аффектілері

10. С.Бақырғани шағармашылығындағы суфизм ағымына жақын тұстары:
- A) Мемлекеттік басқару
  - B) Әлеуметтік мәселелер
  - C) Шарап туралы айтылатын жәйттер
  - D) Құдайды танудың ғибадат жолын көрсетуі
  - E) Өзін адамдар үшін құрбан ету
  - F) Тарихат жолын көрсетуі
  - G) Құдайға ғашық болудың белгісін көрсетуі
  - H) Қоғамдық өмірді дәріптеуі
11. Қазақ дәстүріндегі салдың тұлғалық сипаты:
- A) саясатқа қатысты тұлға
  - B) түрлі ишараттарға икемді
  - C) саятшыл
  - D) билікке қатысы бар
  - E) театрлық көрініс беруге қабілетті адам
12. «Жақсы адамның аты мен ғалымдардың хаты мәңгі өшпес» деген нақыл сөздің авторы:
- A) «Бірінші тілек тілеңіз» жолының авторы
  - B) Доспамбет жырау
  - C) А.Құнанбайұлы
  - D) «Сөзден тәтті нәрсе жоқ, сөзден ащы нәрсе жоқ» жолдар авторы
  - E) «Қара сөздер» авторы
  - F) Шал ақын
  - G) Бұқар Жырау
  - H) Абылайханның бас кеңесшісі
13. Құқықтың негізі, тәуелсіз қазақ елінің тұңғыш заңы, әрі негізгі Ата заңы болған «Жеті жарғының» мақсаты:
- A) Жеке бастың мүддесі қамын ойлаушылық
  - B) Қазақ қауымының ішкі мәселелеріне көп назар аудару
  - C) Көшпелі қазақ өркениетінің, саяси құқығының мән-мазмұнын ашу
  - D) Шешімдерінің Құран талаптарына қайшы келуі
  - E) Елді бірлікке, ынтымаққа бастап, ағайындардың қайыра бас қосуына әкелу
  - F) Ымырашылдықты меңзеу
  - G) Қандайда бір беделге, құрметке ұмтылыс
  - H) Заң жобасына жазалар енгізу

14. Би мен билер сотының басты мақсаты:

- A) Арнайы жазалау әрекеттерін қолдану
- B) Қауымдағы келеңсіз жәйттерді болдырмау
- C) Қылмыстың алдын алу
- D) Ел ішінде берік тәртіп орнатуға бағыт алу
- E) Жеке бастың мүддесі қамын ойлаушылық
- F) Дауды шешушінің қандайда бір жетістікке ұмтылысы
- G) Әділетсіз шешімдерге бой ұру
- H) Қауымдар арасындағы талас-тартысты дауға айналдыру

15. М.Х.Дулати пікірінше мемлекетті басқарудың тоғызыншы шарты:

- A) «сұхбаттасып отырғаны мақұл»
- B) «патша болып жатқан оқиғаларға пайыммен, терең үңіліп қарауы керек...»
- C) «патша қиянатшыл, залым басшылардың қылмысына бейжай қарамауға тиіс...»
- D) «...қасқыр мінезді залымдарды қара халықты басқаруға қоймауға міндетті»
- E) «...егер мәселе шиеленісіп кеткен болса, оны парасаттылық нұрмен ұғуға тиіс»
- F) «әкім не патша парасатты болуы шарт»
- G) «патшаның дінді уағыздаушы ғұламалармен дидарласып... отырғаны мақұл»

16. 1529-1530 жылдары Бадахшанда шағатай тілінде жазылған «Жаһан наме» поэмасындағы М.Х. Дулати толғаныстары:

- A) мемлекетаралық факторлар
- B) адамгершілік қағидасы
- C) әлеуметтік және мәдени-психологиялық тұтастық аясында қалыптасқан рухани идеялар
- D) дінге негізделген ұлттық келісім
- E) таптық қозғалыстар
- F) тұрақты қоғам мәселесі

17. Ш.Уәлиханов пікірінше, шамандықтың туу себебі:

- A) Аспан әлемін тануға ұмтылыс
- B) Ағартушылық, білімге ұмтылыс
- C) Табиғатқа құштарлық
- D) Адамның терең ойы, ішкі дүниесі, оның қоршаған дүниеге қатынасы
- E) Бір құдайға сенуге талпыныс
- F) Өмір ауыртпалығын болдырмау мақсаты
- G) Адамның танып білуге ұмтылған рухы
- H) Ажалдан құтылу әрекеті

18. Дүниенің «мағмұрлығы» деген түсінікті Абайдың қолдануы:

- A) дүниені тұшыну
- B) ғашықтық
- C) дүниені қабылдау
- D) нұрға бөлену
- E) күдер үзу
- F) шаттану

19. Абайда «ғамалус-салих» жолындағы адам:

- A) таза ниетті
- B) ақылды
- C) «кәміл мұсылман»
- D) жомарт
- E) ақ пейілді
- F) әділетті адам

20. Ұлт зиялыларының түсінігінде түрікшіл жан - бұл:

- A) Ұлттық мүддені жеке бас мүддесінен жоғары қояды
- B) Жағымпаз адам
- C) Жеке бас мүддесін ұлттық мүддеден жоғары қояды
- D) Өзімшіл адам
- E) Ескіні дәріптеуші

21. 1910 ж. Ә.Бөкейхановтың таяу болашақта құрылуы мүмкін деген саяси бағыттары:

- A) Кадет партиясы
- B) Буржуазиялық-ұлтшылдық
- C) Батыстық
- D) Қазақтарды басқа мұсылмандармен біріктіруді мақсат ететін партия
- E) Ұлттық-діни

22. «Қазақ» газетінің жарық көрген кезеңі:

- A) 1912-1919жж
- B) 1918-1920 жж.
- C) 1915-1918 жж.
- D) XX ғасырдың басында
- E) XX ғасырдың I ширегі
- F) 1911-1912 жж.
- G) 1910-1918 жж.

23. Кеңестік кезеңдегі диалектикалық-материалистік ілім негізі:

- A) Тап күресімен шектелмеуі
- B) Мәдени-тарихи типтегі гуманистік идеялардың мүмкіндік қажеттілігі
- C) Дихотомиялық принциппен әлемді танудың шектеулігі
- D) Қоғамдық және мәдени дамудың батыстық үлгіден түбірлі айырмашылықтарының ескерілуі
- E) Дүниетанымдық монизм
- F) Адам болмысын жоққа шығаруы
- G) Адамның тарихи нақты ортада, идея саласында қалыптасуын түсінуі
- H) Ұлт тарихының саясат ыңғайына бұрмаланбауы

24. Қазақстан философтары көтеріп жүрген Болашақ философиясының мәні:

- A) Өзара сыйластық
- B) Адамдар арасындағы өзара түсіністік
- C) Философиялық ойлау тарихына деген бір жақты, монологты көзқарас
- D) Озық үлгіге еліктеушілік
- E) Адам еркіндігін шектеу
- F) Жекелеген құқықтардың ескерілмеуі
- G) Белгілі бір идеологиялық қалыптардың шектеуі

25. Ұлттық тарих пен халықтың дәстүрлерін сақтау мәселелері жөнінде Н.Ә. Назарбаевтың еңбегі:

- A) «Шығармалар жинағында»
- B) «Тарих толқынында»
- C) ҚР президентінің таңдамалы шығармаларында
- D) «Ғасырлар тоғысындағы Қазақстанда»
- E) «Сындарлы он жылда»
- F) «2030 стратегиясында»

**Қазақ философиясының тарихы  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

## Әлеуметтік философия

1. Эмпириокритицизмнің өкілдері:

- A) Фейерабенд
- B) Ясперс
- C) Фихте
- D) Лакатос
- E) Кун

2. Әлеуметтік философияның пәні:

- A) Танымның әдістемелік принциптері
- B) Жалпы өмірдің дүниетанымдық принциптері
- C) Басқа халықтардың дәстүрін зерттеу
- D) Тарихи салыстырмалы принциптерге сараптама
- E) Жалпы қоғамның даму принциптері
- F) Машина өңдеу зауытының принциптері

3. Саяси философия саласында атағы шыққан Қайта өрлеу заманының белді ойшылы:

- A) Н. Макиавелли
- B) Л. Валла
- C) Томас Мор
- D) Э. Роттердамский
- E) Т. Компанелла

4. Әлеуметтік философия пәні:

- A) Қоғам мен адам арасындағы қарым-қатынастар
- B) Биологиялық даму принциптері
- C) Жастардың тәрбиесі
- D) Діни конфессиялардың арақатынасы
- E) Әлеуметтік институттар
- F) Халық арасындағы ұлтаралық бөлініс
- G) Мәдениеттің түрлері

5. XX ғ. ғылымына тән бағыттар:

- A) Мойындаушылық
- B) Жүйелілік
- C) Алауыздық
- D) Сенімсіздік
- E) Мәселелерді экологияландыру
- F) Интегративтілік
- G) Жасырын

6. Экзистенциализм философиясының өкілдері:

- A) А. Смит
- B) И. Кант
- C) М. Хайдеггер
- D) О. Конт
- E) Г. Гегель

7. Ф. Ницше бойынша асқан адам ол:

- A) Жасампаз
- B) Сенімді
- C) Көңілді
- D) Момын
- E) Бақытты

8. Жаңа Заман дәуірінде мәдениет теориясына елеулі үлес қосқандар:

- A) Тоффлер
- B) Шпенглер
- C) Мид
- D) Уайт
- E) Ясперс
- F) Тойнби
- G) Хайдеггер

9. Субмәдениеттің ерешелігі:

- A) Басқаларды мойындамау
- B) Слэнг және оны пайдалану
- C) Бәріне ортақ
- D) Дәстүрге қарсы шығу
- E) Зиялы қауым арасында болуы
- F) Бір сарынды

10. XX ғасырдың танымал әйгілі гуманистері:

- A) Л.С. Выготский
- B) Ф. Кафка
- C) А. Д. Сахаров
- D) Э. Гартман
- E) М. Хайдеггер
- F) М.Ковалевский
- G) Н.П. Огарев



11. Б.Спиноза таным теориясына тән тұжырымдар:

- A) «Білім - күш»
- B) «Сенемін, өйткені абсурдты»
- C) «Интуиция – дұрыс логикалық ойлаудан туындайтын ішкі сезім»
- D) «Еркіндік – саналы қажеттілік»
- E) «Субстанция өзді-өзінің себебі болып табылады»

12. Адам мәселесін басты орынға қойған алғашқы философтар:

- A) Фалес
- B) Протагор
- C) Горгий
- D) Сократ
- E) Платон
- F) Аристотель

13. Адамның планетарлық космостық энергетикамен байланысын қарастырғандар:

- A) Ч. Дарвин
- B) В.С. Соловьев
- C) И. Вернадский
- D) К. Циолковский
- E) А. Ильин
- F) Л. Чижевский

14. Модернистік теория:

- A) Музыкалық шығармалардың алуан түрлілігімен байланысты
- B) Экономикалық ұйымдар, саяси жүйелер, қоғамдағы мәдени құндылықтар өзгеріске ұшырап отырады
- C) Болып жатқан өзгерістер барлық қоғамдық құрылымды бейімділікке және соған сай болуға мәжбүрлейді
- D) Өзгерістен қорқу
- E) Қоғам қарапайымдылықтан күрделіге қарай ығысады
- F) Сенімсіз теорияларды жоққа шығарады
- G) Қоғамның бір жақты дамуын қолдайды

15. Әлеуметтік философиядағы адамға берілетін анықтама:

- A) Әлеуметтік, шығармашылық
- B) Жалғыздық туралы ілім
- C) Адамды өзгеше жаратылыс ретінде сипаттайтын белгілер
- D) Адам – саяси жануар
- E) Мадани хайуани
- F) Басқару туралы ілім
- G) Аталар жалғасы

16. Мемлекеттің негізгі сипаттамасы:

- A) Отбасы институты
- B) Білім алу грантын бөлетін мекеме
- C) Саяси үстемдіктің институционалданған жүйесі болып табылады
- D) Саяси биліктің қайнар көзі және оны барлық қоғам атынан қолданады
- E) Экономикалық ұйымдар, саяси жүйелер, қоғамдағы мәдени құндылықтар өзгеріске ұшырап отырады
- F) Сенімсіз теорияларды жоққа шығарады
- G) Адамдар жиынтығы

17. «Жатсыну»:

- A) Өзгені мойындау
- B) Өз ісін жоспарлау
- C) Басқалармен араласу
- D) Өзінің іс-әрекеті өнімінің құлына айналуы
- E) Серуендеп жүру
- F) Қағидаға бағыну

18. Сұлтандар:

- A) Негізгі жұмысы қауымдастық мүшелеріне қызмет көрсетеді
- B) Елдің қоғамдық-саяси өміріне тікелей араласып, өз қарамағындағы халыққа хан билігін жүргізіп отыратындар
- C) Хандық административтік жүйеде белгілі бір қызметке ие болған
- D) Бас кесерлер
- E) Көшпенділер ұжымының басшысы және олардың ісін жүргізеді
- F) Беделді ру өкілдері
- G) Саяси билік айтушылар

19. Ру ақсақалдарының әлеуметтік қызметі:

- A) Ру ақсақалдары тек жанұяның арқа сүйер тірегі болып қана қоймай, халық мүддесіне де қызмет еткен
- B) Өзге халықтың мәдениеті
- C) Көшпелі халықтың әлеуметтік-тұрмыстық мәдениеті
- D) Дала халқының өзін-өзі көрнекілеп тасымалдауының ең табиғи жолы, әдісі
- E) Көшпенді өмір салты
- F) Ру арасында келеңсіз оқиғалар туындайтын болса, ең бірінші ақсақалдар кеңесінің талқылауынан өтетін болған

20. XX ғасырдың екінші жартысында қоғамтануда белсенді түрде жүзеге асқан идеялар:

- A) Әлемнің тұтастығы және ғылыми бейнесі
- B) Соғыстар мәселесін болдырмау
- C) Батырлар жырын жаңғырту
- D) Халықтар достастығын
- E) Психологиялық категория
- F) Бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі әлемдік ресурс ретінде мойындалуы

21. Субмәдениеттің қоғамда бөліну үлгісі:

- A) Білім деңгейін көрсететін субмәдениет
- B) Ұлттық мәдениеттер
- C) Бәріне түсінікті субмәдениет
- D) Қылмыстық субмәдениет
- E) Ешкімге түсініксіз субмәдениет
- F) Тарихқа қарсы шығатын субмәдениет

22. Мәдени саясаттың басқару моделдері:

- A) Заңның күшімен жеке меншікті тартып алу
- B) Харизматикалық саясат
- C) Шығармашылыққа жәрдемдесу және шығармашылық бостандық генерациясы
- D) Мәдени мұраның сақталуын, ұлттық мәдениет пен тілдің қорғалуын қамтамасыз ету
- E) Мәдени өзін-өзі көрсете білу саясаты
- F) Ұлттар арасындағы теңсіздікті шешу

23. Алға қойылған мақсаттар ішіндегі "Қазақстан-2050" стратегиясының мәні:

- A) Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамды топтастыру
- B) Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм
- C) Діни сананы дамыту
- D) Білім мен кәсіби машық – заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары
- E) Бақытты адамдар санын көбейту

24. Құқық деген:

- A) Адамдардың әлеуметтік- құқықтық еркі
- B) Отбасылық қатынастарды шешуде мүлікті бөлу үшін екі жақты тараптарды қарастыратын мәміле
- C) Көлік жүргізу үшін алынатын рұқсатнама
- D) Мемлекет тарапынан тағайындалатын заңнамалық күші бар жүйе
- E) Әр саланың ғалымдары жинақтаған тұжырымдар арқылы оның қолайлысын таңдау

25. Бедел (престиж) атқаратын әлеуметтік процестер:

- A) Белгі
- B) Тұтыну жүйесі
- C) Жан-жақты қамтылған жүйе
- D) Басқалармен салыстырғанда материалды байлықтың көп болуы
- E) Әлеуметтік жылжу

**Әлеуметтік философия**  
**ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

## Әлеуметтік антропология

1. Құндылықтардың жіктелуіндегі діниге жататыны:

- A) Құдай
- B) Экология
- C) Отбасы
- D) Жағдай
- E) Денсаулық

2. Әлеуметтік антропология пәніне кіретін:

- A) адам анатомиясы
- B) адам биохимиясы
- C) адам мәдениеті
- D) адамның әлеуметтік қызметі
- E) адам физиологиясы
- F) адам психопатологиясы

3. Әлеуметтік антропологияның эмпирикалық әдістері:

- A) сипаттау
- B) байқау
- C) абстракциялау
- D) салыстыру
- E) формальдандыру

4. Анимизм діннің дамуының алғашқы сатысының бірі ретінде саналатын сенім түрлері:

- A) бүкіл табиғаттың жанды екендігіне
- B) рухтардың өмір сүретіндігіне
- C) материяның субстанционалдығына
- D) микро организмдердің жаратылыстан тыс қабілеттілігіне
- E) әлемнің атомдық құрылысына
- F) жанның өмір сүретіндігіне

5. Магияны түсіндірудің әлеуметтік мәдени тәсілдерін ұсына отырып, әлеуметтік антропология алғашқы қауымдық қоғамдағы оның қызметтерін анықтайды:

- A) мәдени бейімделу қызметі
- B) географиялық жаңалықтарды болжау қызметі
- C) ғылыми білімдерді тарату қызметі
- D) жалпы білім беру қызметі
- E) тілдік символизм қызметі
- F) материалдық байлықты жинақтау қызметі
- G) әлеуметтік ұйымдасудың кейбір тәсілдерінің қызметі

6. Әлеуметтік дамудың субъектісі:

- A) Студенттер
- B) Тұлғалар
- C) Үрейді білмейтін адамдар
- D) Басшылар
- E) Ұлттар

7. Адамзат қауымдастықтарындағы мәдени бейімделудің индустриалдыққа дейінгі кезеңдерінің ерекшеліктеріне жатады:

- A) табиғи ландшафт басымдылығы
- B) территория үшін күрес
- C) тұлғаның стандартизациясы
- D) ғылыми-техникалық революция
- E) бұқаралық сананың пайда болуы
- F) өндіріс технологиясының қарқындылығы
- G) өнімді үздіксіз тұтыну

8. Постмодернизм философиясының өкілдері:

- A) Ж. Деррида
- B) К.Г. Юнг
- C) Ж. Лиотар
- D) К. Ясперс
- E) М. Хайдеггер
- F) Ч. Пирс

9. Әлеуметтік антропологияның басқа әлеуметтік ғылымдардан айырмашылығы:

- A) Жаһандану мәселелерін қарастырады
- B) Адамның табиғи құрылысын, оның бейімдері мен дағдысын, тілін, өнерін, діні мен өркениетін
- C) Адамның табиғаттағы орнын қарастырып, басқа тіршілік иелерінен айырмашылығын анықтайды
- D) Қазіргі қоғамға сыни көзқараста
- E) Қоғам динамикасын басшылыққа алады
- F) Адам туралы рационалды білім қалыптастырады

10. Ежелгі грек философиясында адам мәселесі софистика өкілдерінің ілімдерінде көтерілді:

- A) Продик
- B) Эмпедокл
- C) Анаксимен
- D) Горгий
- E) Анаксагор
- F) Анаксимандр

11. Экзистенциализм өкілдерінің философиясында адам бостандығы мәселесі басты орында тұр:

- A) К. Ясперс
- B) Ж.П. Сартр
- C) К. Поппер
- D) М. Шлик
- E) Г. Марсель

12. Христиандық антропологияның бастамасы христиандық апологетиканың еңбектерінде көрініс береді:

- A) Левкипп
- B) Татиан
- C) Протагор
- D) Ямвлих
- E) Юстин Философ

13. Антикалық ойшылдардың философиясында антропологиялық мәселе атом туралы іліммен байланыстырылған:

- A) Демокрит
- B) Эмпедокл
- C) Парменид
- D) Пиррон
- E) Платон
- F) Аристотель

14. Ақиқат:

- A) Пайдалы, үнемді білім
- B) Ақиқат – табысқа апаратын білім жиынтығы
- C) Ақиқат – логикалық қайшылықсыз білім
- D) Ғалымдардың шартты келісімінің нәтижесі
- E) Ақиқат – объективті әлемді дәл бейнелетін білім

15. Адамзаттың болашағын табиғатты танудағы ғылымның жетістіктерімен және оның заңдарымен байланыстыра отырып, жаңа еуропалық философ Ф.Бэкон:

- A) «Күш білімде» принципін қалыптастырды
- B) «Табиғатқа қарай оралу» принципін қалыптастырды
- C) Таным тәсілі ретіндегі индукция концепциясын өңдеді
- D) Таным тәсілі ретіндегі дедукция концепциясын өңдеді
- E) «Сенемін, немесе абсурдты» принципін қалыптастырды
- F) «Әдіс туралы пайымдау» шығармасын тудырды
- G) Таным тәсілі ретіндегі верификация концепциясын өңдеді

16. Неміс философы И.Фихтенің антропологиялық концепциясы:

- A) утилитаризм принципіне сүйенеді
- B) субъективтік идеализм принциптеріне негізделеді
- C) «монадалар» туралы іліммен байланысты
- D) коммунистік қоғам жобасымен байланысты
- E) материализмнің дәстүрлеріне негізделеді
- F) иррационализм принципіне сүйенеді

17. Конфуций бойынша, бекзат адамның құрметтейтіні:

- A) ұлы адамдар
- B) өмірдің шектеулігі
- C) надандық
- D) табиғаттың дүлей күштері
- E) білімсіздік

18. М. Фуко бойынша «өз қалауын басшылыққа алатын адам»:

- A) Өз-өзіне ессіздік күйінің маңыздылығын ашқан жан
- B) Шынайылық принцип үшін бәрін беруге дайын жан
- C) Үстемдік ететін бақылаудан қашады
- D) Кеңістіктегі құпия туыстық
- E) Биліктің нормаларынан қашады
- F) Психикалық өмірінің тұтастығын қалпына келтіреді
- G) Тиымдардан бас тартып, ләззат алу мүмкіндіктерін босқа жібермейді

19. Махаббат зерделі адамға лайықсыз ессіздік күйі деп түсіндіріледі:

- A) Ортағасырлардағы христиан дінінде
- B) Мұсылмандық Испанияда
- C) Ағартушылық дәуірінде
- D) Трубадурлар поэзиясында
- E) Ортағасырлық Шығыста
- F) Жаңа дәуірде (XVII)
- G) Еуропа әдебиетінде

20. З. Фрейд бойынша түс көру:

- A) Фаталдылық пен детерминизмнің көрінісі
- B) Атманның Брахманға жақындауы
- C) Атманның Абсолютпен толық қосылуы
- D) Қателіктің түрі
- E) Невроздың құрылымына сәйкес құрылым
- F) Жан-дүниенің шынайы өмірі
- G) Бейсаналылыққа алып баратын негізгі жол



21. Фрейд пен Юнгтің көзқарастарын бейнелейді:

- A) Бейсаналылықты анықтау мен түсіндірудегі әдістердің ортақтығы
- B) Батыстық рационалдылыққа адалдық
- C) «Платон менің досым, бірақ ақиқат одан да қымбат» түсінігі
- D) Ұстазының оккультизм мен парапсихологияға деген теріс көзқарасы
- E) Шығысқа деген қызығушылық
- F) Идеялық сабақтастық
- G) Ұстазының үмітін ақтау

22. Ф. Ницше бойынша дионистікке, күш-қуатқа деген жігер:

- A) Болмыс жайлы жаңа ілімге келу
- B) Әлемді билеуге деген жігер
- C) Шығыстық дүниетанымға басымдық беру
- D) Абсолюттік үстемдікке деген ұмтылыс
- E) Құндылықтарды қайта бағалау
- F) Өзге тұрпатты адамға айналу

23. Постмодернистік философиядағы әлеуметтік-антропологиялық көзқарастардың ерекшелігі көрініс беретін терминдер:

- A) «ризома»
- B) «қамқорлық»
- C) «табу»
- D) «номадизм»
- E) «симулякр»

24. К. Ясперс пікірінше тарих:

- A) Ғылымнан субъектіні шығаруы керек
- B) Қосылатын нүктелерден сызылған сызық
- C) Шындық та, тарих ғылымы да - бұл шексіз түсіндірулер мен ұсыныстар, нұсқалар, болжам-долбарлар аймағы
- D) Қатаң ғылымилықтан бас тартуы қажет
- E) Жалпылауға бағытталған болуы керек
- F) Мейлінше дәлдік критерийлерін ұстануы қажет
- G) Заңдылықтарды анықтауы қажет

25. Ж. Бодрийяр бойынша виртуалды шындық:
- A) Мәнділік жұпары аңқыған кеңістік
  - B) Мебиустың лентасы
  - C) Трансцеденттікті есте ұстау
  - D) Ақиқат үнінің естілетін жері
  - E) Себеп – салдарлықтың көрмесі
  - F) Диалектика заңдарының үстемдігі

**Әлеуметтік антропология  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**